

"Жібек жолы - Қазақстан" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 10 тамыздағы N 758

"Жібек жолының тарихи орталықтарын қайта өркендету, түркі тілдес мемлекеттердің мәдени мұрасын сақтау және сабақтастыра дамыту, туризм инфрақұрылымын жасау" атты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 27 ақпандағы N 3859 U983859_ Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігімен, Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігімен, Ғылым министрлігі - Ғылым академиясымен бірлесе отырып, заңдарда белгіленген тәртіппен бір айлық мерзімде мемлекет үлесі кемінде 50 процентіне 1 акция қосылатын "Жібек жолы - Қазақстан" ұлттық компаниясы" ашық акционерлік қоғамын құру жөніндегі қажетті ұйымдастыру шараларын жүргізсін және оның Жарғысын бекітсін.

2. "Жібек жолы - Қазақстан" ұлттық компаниясы ашық акционерлік қоғамының негізгі міндеттері болып мыналар белгіленсін:

тарихи қалаларды қайта жаңғырту және Қазақстан Республикасы туризмінің инфрақұрылымын дамыту бойынша ұйымдар мен жеке тұлғалардың өзара іс-әрекетін қамтамасыз ету, сондай-ақ қажетті ғылыми және өндірістік әлеуетті біріктіру;

Жібек жолы бойындағы объектілерді археологиялық, сәулеттік, қала құрылыстық зерттеу, Жібек жолының тарихи-мәдени мұрасы туралы деректер банкін жасау;

Жібек жолы бойындағы туризм объектілерінің тізбесіне енгізілген тарихи қалалар мен басқа да елді мекендерді дамытудың негізгі кезеңдерін (не фрагменттерін) жаңғырту және мұражайландыру мен көркейту;

Жібек жолының тарихи орталықтарының дәстүрлі құрылыстарын қалпына келтіру (регенерациялау) және сабақтастыра дамыту, оларда түбегейлі сәулеттік-кеңістіктік және этномәдени ортаны түлету, аумақты көркейту және инженерлік-коммуникациялық қамтамасыз ету;

Жібек жолындағы қалалар мен елді мекендердің дәстүрлі құрылыстарының базасында туризм инфрақұрылымын: сервистік қызмет көрсету және сауда кәсіпорындарын, ғибадаттық және туристік кешендерді, халықтық қолөнер шеберханаларын, этнографиялық мұражайлар мен театрларды, салттық табыну және тарихи, діни орталықтарды және басқаларын құру;

жергілікті, аймақтық және халықаралық деңгейлерде және оның алуан қырлы

барлық (танымдық, іскерлік, спорттық, сауықтыру, экзотикалық және т.б.) түрінде туризм және ғибаттық индустрияны дамыту;

тарихи ландшафтарды, керуен жолдарын, атты және жаяу жүргіншілер маршруттарын қалпына келтіру, Жібек жолы бойындағы ортаны ізгілендіру, оларды қайта жаңарту, көркейту және пайдалану, жол сервисі инфрақұрылымын құру;

аймақтық экономиканы дамытуды ынталандыру, жергілікті халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының "Жібек жолының тарихи орталықтарын қайта өркендету, түркі тілдес мемлекеттердің мәдени мұрасын сақтау және сабақтастыра дамыту, туризм инфрақұрылымын жасау" атты Мемлекеттік бағдарламасын (бұдан әрі - Мемлекеттік бағдарлама) іске асыру бойынша мемлекет мүддесін білдіру және ұйымдар мен кәсіпорындардың, шығармашылық одақтар мен коммерциялық құрылымдардың іс-әрекетін біріктіру;

Мемлекеттік бағдарлама объектілерін инвестициялауға және салуға арналған конкурстарды (тендерлерді) ұйымдастыру;

Жібек жолы трассасын тарихи - сәулеттік және қала құрылысы зерттеулерін қамтамасыз ету жөнінде жаңа жобаларды әзірлеу мен іске асыру; туризм инфрақұрылымы объектілерін салу.

3

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2000.10.31. N 1642 қаулысымен. Р 0 0 1 6 4 2 _

4. Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Көлік және коммуникациялар министрлігі, Алматы, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Маңғыстау облыстарының, Астана және Алматы қалаларының әкімдері "Жібек жолы - Қазақстан" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамымен бірлесе отырып ол мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін 2 апта мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне ұйымдардың Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру үшін қажетті, мемлекет меншігіндегі мүлкі мен акцияларының мемлекеттік пакеттерінің тізбесі жөнінде ұсыныстар енгізсін.

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті бір ай мерзім ішінде "Жібек жолы - Қазақстан" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамына осы қаулының 4-тармағына сәйкес объектілерді беретін болсын.

6

7. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі

мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Сырттан қарыз алу жөніндегі комитеті Мемлекеттік бағдарламаны іске

асыру үшін тікелей инвестицияларды, қайтарусыз қаржылық және техникалық көмекті тарту жөнінде шаралар қабылдасын.

8.

ЕСКЕРТУ.6 және 8-тармақтар алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 1999.06.07.

N 705 қаулысымен.

P990705_

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1998 жылғы 10 тамыздағы

N 758 қаулысымен

бекітілген

"Жібек жолы - Қазақстан" ұлттық компаниясы

Байқаушы кеңесінің

ҚҰРАМЫ

Арын Ерлан Мұхтарұлы - Қазақстан Республикасы Білім,

мәдениет және денсаулық сақтау

вице-министрі, төраға

Аймақов Бауыржан - Қазақстан Республикасы

Жаңабекұлы Инвестициялар жөніндегі

мемлекеттік комитетінің

директоры

Досмұхамбетов Темірхан - Қазақстан Республикасының Білім,

Мыңайдарұлы мәдениет және денсаулық сақтау

министрлігі Туризм және спорт

комитетінің төрағасы

Ертілесова Жанат - Қазақстан Республикасы Қаржы

Жұрғалиқызы бірінші вице-министрі

Қосынов Төребек - Қазақстан Республикасы Ауыл

Олжабайұлы шаруашылығы министрлігінің
Орман және аң шаруашылығы
комитетінің төрағасы

Қошанов Аманжол - Қазақстан Республикасы Ғылым
Қошанұлы министрлігі - Ғылым академиясы
вице-президенті

Құлыбаев Асқар - "Жібек жолы - Қазақстан"
Алтынбекұлы ұлттық компаниясының президенті

Сарабекова Тәрбие - Қазақстан Республикасы Қаржы
Сербайқызы министрлігінің Мемлекеттік мүлік
және жекешелендіру департаменті
директорының орынбасары